

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Ч.ІІ.- Б.291-292.

УДК 664.8/9

ЖЫЛҚЫ ЕТІНІҢ ҰШАСЫН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРІ БОЙЫНША МҮШЕЛЕП БӨЛУ ТУРАЛЫ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

*Төлеугазы Р., студент
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Қазақтың ұлттық дәстүрлері-көшпелі мәдениетке терең енген және қазақ халқының өмір салтын, рухани құндылықтары мен әлеуметтік нормаларын бейнелейтін салт-дәстүрлер кешені. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл дәстүрлер жеке тұлғаны қалыптастырады және ұлттық сананы нығайтады.

Жылқы етінің ұшасын бөлу - бұл дәстүрлі қазақ мәдениетінің маңызды элементі, ол тек ет өңдеу тәсілі ғана емес, сонымен қатар көшпелі халықтар өмірінің терең мәдени, әлеуметтік және салттық аспектілерін бейнелейтін символдық әрекет болып табылады.

Қазақтың ұлттық дәстүрлерін ескере отырып, жылқы етінің ұшасын бөлу жөніндегі нормативтік құжатты әзірлеу мәдени мұраны сақтау және өнім сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды міндет болып табылады.

Мақаланың мақсаты әлемдік жұртшылықтың назарын жылқының ұшасын, қазақ халқының дәстүрі бойынша бөлуге аудару және оны халықаралық кодтар негізінде интернет арқылы сату үшін кесінділерді стандарттау мүмкіндігі [1].

GS 1 Халықаралық код жүйесі әлемде сатып алушылар, сатушылар және үшінші тарап – сәйкестікті бағалау органдары арасындағы байланысты жақсарту үшін кеңінен қолданылады. Бұл халықаралық саудада пайдалану үшін стандартталған сәйкестендіру және байланыс жүйесі. Оны GS1 жаһандық басқармасы бүкіл әлем бойынша GS1 мүше ұлттық ұйымдарымен бірлесіп жүргізеді.

БҰҰ ЕЭК ұшалары мен кесінділерінің жіктелуі қолданбалы идентификатор GS1 (7002) алды, жаһандық өнім нөмірімен (GNTP) бірге қолданылады және GS1-128 штрих-код символына енгізілген [2].

Қазақ дәстүрлеріне негізделген осындай нормалық құжатты әзірлеу сыртта жүрген екі миллионға жуық қандастарымызбен мәдени бірегейлікті сақтауға және білімді келесі ұрпаққа беруге ықпал етеді.

Соны мен қатар ол елдің ауылшаруашылық өндірісті реттеуде, тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және өндірушілердің беделін сақтауда шешуші рөл атқарады.

Мәдени дәстүрлерді сақтау және насихаттау. Қазақстан сияқты жылқыны тұтыну мәдениеті дамыған елдер үшін стандарттау жылқыны өсірудің, бөлудің және өңдеудің дәстүрлі әдістерін сақтауға көмектеседі. Ол сондай-ақ мәдени және гастрономиялық құндылықтарды келесі ұрпаққа беруге ықпал етеді.

Нарықты дамыту және экспорттық әлеует. Тұжырымдалған стандарттар халықаралық деңгейде өнімге деген сенімділікті арттырады, бұл жылқыны өндірушілер үшін жаңа нарықтар ашады. Бұл әсіресе жылқы еті танымал өнім болып табылатын елдер үшін өте маңызды. Стандарттау өнім сипаттамаларының біркелкілігі есебінен әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

Халықаралық талаптарға сай ұлттық нормалық құжаттар арқылы жылқы етінің өнеркәсіптік өндірісін ретке келтіруге көмектеседі. Бұл өндіріс шығындарының төмендеуіне және тиімділіктің жоғарылауына, сондай-ақ заңды талаптардың сақталуына ықпал етеді.

Тұтынушылардың сенімін арттыру. Жылқы өніміне арналған нормалық құжат стандарттау өндірістің сапасына, қауіпсіздігіне және тұрақтылығына кепілдік беру арқылы тұтынушылардың өнімге деген сенімін арттыруға көмектеседі. Тұтынушылар өнімнің белгіленген нормаларға сәйкес келетінін біледі, бұл олардың адалдығын және осындай өнімді сатып алуға дайындығын арттырады.

Осылайша, жылқы етінің нормалық құжатын әзірлеу өнімнің жоғары сапасын, тұтынушылардың қауіпсіздігін, мәдени дәстүрлерді сақтауды және халықаралық нарықтарға сәтті шығуды қамтамасыз ету үшін қажет.

Нәтижелер мен күтулер: Құжатты ұлттық деңгейде енгізу, өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, тұтынушылардың сенімін арттыруға және мәдени мұраны сақтауға мүмкіндік береді.

Сатып алушы мен сатушы арасындағы сауда қатынастарында қолданылатын халықаралық терминология бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы сауданы жеңілдету. Терминология халықаралық саудаға түсетін ет өнімдерін сипаттауға қызмет етеді және ақпаратты беру және электрондық сауданы жүргізу мақсатында кодтау жүйесін қарастырады.

Халықаралық талаптарға жауап беретін Стандарт Қазақстан экономикасының ерекшеліктерін ескеретін, АӨК-нің тамақ және қайта өңдеу салаларын дамытуға ықпал ететін болады.

Қойылған міндеттерді уақтылы шешу отандық өнімдердің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал ететін болады.

Зерттеу әдістері: жобаны әзірлеу барысында этнографиялық зерттеулер, ұлттық әдет-ғұрыптарды зерттеу, сондай-ақ ет өңдеу өнеркәсібінің

қолданыстағы стандарттарын талдау пайдаланылатын болады. Бұл дәстүрлі тәсілдерді заманауи өндірістік процестерге біріктіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, қазақ ұлттық дәстүрлеріне сүйене отырып, жылқы етін ұшасын мүшелеп бөлу жөніндегі нормативтік құжатты әзірлеу қажеттілігі мәдени құндылықтарды қазіргі заманғы өндіріс талаптарымен үйлестірудегі маңызды қадам болуы сөзсіз [3].

Муратов А. А. а-ш.ғ.к., аға оқытушы

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР СТ ЕЭК ООН (1)-2012. Жылқы еті. Ұшасы және шабылған еті. UNESE STANDART Horse meat. Carcasses and cuts, 2011 (IDT)
2. https://www.youtube.com/watch?v=B9IcaS3jSqA&ab_channel=GS1
3. https://www.zharar.com/kz/shygarma/11421-salt_dastur.html